

Байғанин аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі № 103 "Байғанин ауданы бойынша салық салу мақсатында жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 72 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 30 наурызда № 5376 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480 "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының қазақ тіліндегі 2009 жылғы 24 шілдедегі № 103 "Байғанин ауданы бойынша салық салу мақсатында жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-4-83 болып тіркелген, 2009 жылғы 10 қыркүйекте аудандық "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Байғанин аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы
С.Жұбан*

*Байғанин аудандық мәслихатының
хатшысы
Б.Турлыбаев*